

**ГЕРМАНИЯҒА  
АПАРАТЫН ЖОЛДА  
ҚАРСЫЛАСТАРЫМЫЗ  
КІМ?**

→4

**БЕС КОМАНДА  
КӨКТЕМГІ  
БӘСЕКЕГЕ  
ЖОЛДАМА АЛДЫ**

→5

**НОВАК  
ДЖОКОВИЧ**

**90-ТИТУЛЫН АТР  
500 ASTANA OPEN-ДЕ  
ЖЕҢІП АЛДЫ**

→8

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№38 (5389)  
15 қазан 2022 жыл

Газет сенбі  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

## ДЗЮДОШЫЛАРЫМЫЗ

**ЖЕТІ ЖЫЛДАН БЕРІ БІР АЛТЫН МЕДАЛЬҒА  
ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛМАЙ КЕЛЕДІ**



**ӨЗБЕКСТАННЫҢ БАС ШАҒАРЫ – ТАШКЕНТТЕ  
ӨТКЕН ДЗЮДОДАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР  
АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ.  
«ХУМО АРЕНА» КӨПСАЛАЛЫ МҰЗ САРАЙЫН-  
ДА ӨТКЕН ДҮБІРЛІ ДОДАДА ӘЛЕМНІҢ 82  
ЕЛІНЕН КЕЛГЕН 600-ГЕ ЖУЫҚ БАЛУАН БАҚ  
СЫНАП, 15 ЖҮЛДЕ ЖИЫНТЫҒЫН САРАПҚА  
САЛДЫ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН  
ҚҰРАМАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ДЕ БАР. АЛА ТАҚИЯЛЫ  
АҒАЙЫНДАРДЫҢ ЕЛІНДЕ ӨТКЕН ӘЛЕМДІК  
ДОДАДА БІЗДІҢ ДЗЮДОШЫЛАРҒА НЕБӘРІ ЕКІ  
ЖҮЛДЕ БҮЙЫРДЫ.**

Өзбекстан астанасында ұйымдастырылған байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасының 17 өкілі өнер көрсетіп, екі қола медаль жеңіп алды. Елдос Сметов пен Әбиба Әбужақынованың бұл жүлделерінен кейін Қазақстан дзюдо құрамасында алға ілгерілеу бар деп айтайын десек, спортшыларымыз жеті жылдан бері бір алтын медальға қол жеткізе алмай келеді.

→3

### ҚАЗАҚСТАН ДЗЮДОШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНАН АЛҒАН МЕДАЛЬДАРЫ

№	Аты-жөні	ӘЧ	Салмақ	Медаль
1	Асқат Шахаров	2001 жыл	73 келі	Қола медаль
2	Асқат Жіткеев		100 келі	Қола медаль
3	Максим Рақов	2009 жыл	100 келі	Алтын медаль
		2011 жыл	100 келі	Күміс медаль
4	Азамат Мұқанов	2013 жыл	66 келі	Күміс медаль
5	Елдос Сметов	2015 жыл	60 келі	Алтын медаль
		2019 жыл	60 келі	Қола медаль
		2022 жыл	60 келі	Қола медаль
6	Рустам Ибраев	2015 жыл	60 келі	Күміс медаль
7	Отгонцег Галбадрах	2017 жыл	48 келі	Қола медаль
		2018 жыл	48 келі	Қола медаль
8	Ерлан Серікжанов	2018 жыл	66 келі	Күміс медаль
9	Ғұсман Қырғызбаев	2021 жыл	60 келі	Күміс медаль
10	Әбиба Әбужақынова	2022 жыл	48 келі	Қола медаль

## АСЫЛЖАН – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

**БАХРЕЙН АСТАНАСЫ – МАНАМА ҚАЛАСЫН-  
ДА ӨТІП ЖАТҚАН АУЫР АТЛЕТИКАДАН  
АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРА-  
МАСЫНЫҢ ҚОРЖЫНЫНА ЕКІ АЛТЫН, БІР  
КҮМІС МЕДАЛЬ ТҮСТІ.**



Қазақстандық зілтемірші Асылжан Бектай Бахрейн астанасы Манаманда өтіп жатқан ауыр атлетикадан Азия чемпионатында 89 келіге дейінгі салмақта топ жарды.

Қызылордалық спортшы жүлқа көтеруде 165 келімен күміс медаль алса, серпе көтеруде 197 келіні бағындырып, алтынға қол жеткізді. Ол жалпы есепте 362 келіні енсерді. Күмісті Асылжаннан небәрі бір келіге қалып кеткен қырғыз Эмиль Молдодосов (361 кг) жеңіп алса, қола ирандық Масуд Шатраиге бұйырды (358 кг).

Осы салмақта сынға түскен тағы бір қазақстандық Кирилл Староверкин жалпы есепте 330 келімен (153+177) 7-орынға тұрақтады.

Асылжан 2017 жылы Бангкокте (Тайланд) өткен ауыр атлетикадан 17 жасқа дейін жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қола жүлдегер атанған. Ол 2000 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. 7 сыныптан бастап ауыр атлетика секциясына қатысып келеді. Бұған дейін жасөспірімдер арасында екі мәрте Қазақстан чемпионатының (2015, 2017 ж.ж.) және кубогының (2016 ж.) күміс жүлдесін иеленді. Ауыр атлетикадан спорт шебері. Бапкері – Қалдыбай Тоқбаев.

Жарыстың екінші күнінде әйелдер арасындағы бәсекеде сынға түскен Зүлфия Чиншанло 55 келіде топ жарды.

→2



### БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ,  
бокстан өлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»



### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190**, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190**.

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Еврима пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	



# ДЗЮДОШЫЛАРЫМЫЗ

## ЖЕТІ ЖЫЛДАН БЕРІ БІР АЛТЫН МЕДАЛЬҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛМАЙ КЕЛЕДІ

← 1

Қазақ дзюдосы құлдырап бара жатыр деп байбалам салайық десек, қоржынымыз кейінгі сегіз әлем біріншілігінде бірде-бір рет бос қайтқан емес. Демек Қазақстан дзюдосы бірнеше жылдан бері бір орында сіресіп тұр деген сөз. Сонда дейміз, мемлекеттің жыл сайын спортшыларды қолдауға бөлетін қаржысы, шетелдің ең мықты деген білікті бапкерлеріне беретін жалақысы ауаға ұшып жатқан жоқ па?

Әйтеуір, жыл сайынғы әлем чемпионаттарында бүкіл бір федерацияны айналдырған бір-екі ғана спортшы жүлде алып, абыройсыздықтан құтқарып келеді. Мәселен, 2017 жылы Мажарстанда өткен әлем чемпионатында Галбадрах Отгонцэцэг жалғыз қоланы олжалап, бір жылдан кейін Бакудегі байрақты бәсекеде Ерлан Серікжанов (күміс) пен Галбадрах Отгонцэцэг (қола) үздіктер қатарынан көрінді. Ал 2019 жылғы Токиодағы дүбірлі додада Елдос Сметовтың жалғыз қоласы көңілге медет болды. Будапешттегі былтырғы бәсекеде Ғұсман Қырғызбаев финалда жеңіліп, күмісті қанағат тұтуға мәжбүр болды. Биыл Елдос Сметов 66 келіден өз салмағына (60 кг) оралмағанда, Әбиба бабында болмағанда, балуандарымыз Өзбекстаннан өзегі өртеніп қайтқалы тұр екен. Абырой болғанда, екі балуанымыз да жарыстың алғашқы күні қос қола олжалап, үздіктер қатарынан көрінді.

Бір айта кетерлігі, биыл әйелдер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанған Әбиба Әбужақынова Ташкенттегі жеңісінің арқасында қазақ қыздары арасында әлем чемпионатында жүлде алған тұңғыш дзюдошы ретінде тарихта қалды.

Ташкенттегі әлем чемпионатына талай дүбірлі додада ысылған, халықаралық жарыстарда олжа салып жүрген тәжірибелі спортшыларымыздың біршамасы барды. Тіпті олардың алды Олимпия ойындарына қатысып, әлем және Азия чемпионаттарында жүлде алған, қалғандары халықаралық жарыстарға үздіксіз қатысып келеді. Сол жарыстарда жиған тәжірибесі жүлдеге апаратындай саңлақтарымыз ел намысы сынға түскен сәтте сүреңсіз өнер көрсетіп, барша жанкүйерлерді жерге қаратты.

Мәселен, былтыр 66 келіде әлем біріншілігінің күміс жүлдегері атанған Ғұсман Қырғызбаев пен 73 келідегі биылғы Азия чемпионы Данияр Шамшаев екінші кезеңнен әріге аса алмады. 60 келіде белдескен Мағжан Шамшадин, 81 келідегі Абылайхан Жұбаназар және Азия ойындарының жеңімпазы, Рио және Токио Олимпиадаларына қатысқан Дидар Хамза (90 кг), Азия чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазы Ислам Бозбаев (100 кг) және аса ауыр салмақтағы Ерасыл Қажыбаевтың (+ 100 кг) нәтижелері тіпті нашар. Олардың бірде-біреуі бірінші айналымнан әріге аса алмады. Тек 100 келіде белдескен Нұрлыхан Шархан ғана үшінші айналымға дейін жете алды.

Әбибадан басқа қыздарымыздан да қайыр болмады. Севара



### Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері

- ЕРЛЕР:** 60 кг – 1. Наохисо Такато (Жапония), 2. Арунболд Энхтайван (Моңғолия), 3. Елдос Сметов (Қазақстан) пен Ян Юн Вэй (Тайпей).  
66 кг – 1. Дзёсиро Маруяма (Жапония), 2. Хифуме Абе (Жапония), 3. Ан Баул (Оңтүстік Корея) мен Денис Виеру (Молдова).  
73 кг – 1. Тцогбаатар Эн-Очир (Моңғолия), 2. Сойши Хашимото (Жапония), 3. Даниэль Гаргнин (Бразилия) мен Хидаят Хейдаров (Әзербайжан).
- ӘЙЕЛДЕР:** 48 кг – 1. Нацуми Цунода (Жапония), 2. Катарина Менц (Германия), 3. Әбиба Әбужақынова (Қазақстан) мен Ассунта Скунто (Италия).  
52 кг – 1. Ута Абе (Жапония), 2. Челисе Гилес (Ұлыбритания), 3. Дистрия Красники (Косово) мен Аманди Бушар (Франция).  
57 кг – 1. Рафаэла Сильва (Бразилия), 2. Харука Фунакубо (Жапония), 3. Джессика Климкайт (Канада) пен Энхерлен Лхкагватагоо (Моңғолия).



Нышанбаева (57 келі), Мөлдір Нарынова мен Есмігүл Күюлова (63 келі), Аруна Жангелдина (78 кг) және Камилә Берлікаш (+78 келі) алғашқы айналымдарда сүрінсе, Нұрсұлу Ералиева (52 келі) мен Анастасия Маякова (70 кг) екінші айналымда ұтылып қалды. Жалпы, Қазақстанда әйелдер дзюдосының жеңіл салмағында кішкене болсын өсу, алға жылжу байқалады. Ал өзге салмақтарда баяғы жартас сол жартас күйінде.

Өзбекстан құрамасының балуандары өз елінде өткен әлемдік жарыста аянып қалмады. 2011 жылғы әлем чемпионатынан кейін оңтүстіктегі көршіміздің балуандары алғаш тұғырдың ең биік сатысынан көрінді. Сол аралықта қоланың өзіне әрең қол жеткізіп жүрген өзбектер бұл жолы бір емес, екі алтын медаль жеңіп алды. Өзбекстан құрамасына алғашқы алтынды Науаи облысының Нұрата Ауданында дүниеге келген Дәулет Бауанов салды. 90 келіде күрескен 2021 жылғы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері финалда Еуропа чемпионатының қола жүлдегері италиялық Кристиан Парлатиден басым түсті. Екінші алтын жүлдені 100 келі салмақта күрескен Музаффарбек Туробоев жеңіп алды. Ол финалда былтырғы Панамерика ойындарының чемпионы канадалық Кайл Рейесті тізе бүктірді. Осылайша, екі алтын медаль еншілеген Өзбекстан құрамасы жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды.

Кейінгі он жылдың бедерінде ерлер сайысында Жапония балуандарының аты озып тұр. Ұзаққа бармай-ақ, Күншығыс елі өкілдерінің соңғы 10 жылдағы нәтижесіне қарайтын болса, олар әр әлем чемпионатында кем дегенде екі алтыннан олжалап жүр. Жапон балуандары биыл да сол жекеден көрінді. Ташкент татамиінде олар 2 алтын мен 3 күміс, 1 қола медальды жеңіп алды. Екінші орында – Өзбекстан. Ала тақиялы ағайындардың еншісінде екі алтын бар. Моңғолия құрамасы үшінші сатыға жайғасты. Олар 1 алтын, 1 күміс медальды қоржынға салды. Сондай-ақ Грузия және Куба дзюдошылары бір-бір реттен жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Әйелдер арасында да Жапония құрамасына тең келер команда табылмай тұр. Олар 3 алтын, 1 күміс және 2 қола жүлдені қоржынға салды. Екінші орынға 2 алтын, 1 күміспен Бразилия қыздары жайғасса, үшінші орынға Хорватия қыздары тұрақтанды – 1 алтын, 1 күміс. Сонымен қатар Францияның бір өкілі Ташкентте алтыннан алқа тақты.

Жалпыкомандалық есепте де Жапония құрамасы топ жарды. Олар барлығы 12 жүлде (5 алтын, 4 күміс, 3 қола) жеңіп алды. Екінші орындағы Бразилияда 4 (2 алтын, 1 күміс, 1 қола) медаль бар. Үздік үштікті жарыс қожайындары 2 алтынмен түйіндеді. Ал қоржынында небәрі екі-ақ қоласы бар Қазақстан құрамасы Әзербайжан, Нидерланд және Кореямен бірге 15-орынды бөлісті.

Заңғар КЕРІМ

## «АҚТӨБЕ» ЧЕМПИОН БОЛУҒА ЖАҚЫН



### ӨТКЕН ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ТҮР ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ.

Турнир кестесінде көш бастап тұрған «Ақтөбе» 22-турда өз алаңында Ақтаудың «Каспийін» қабылдап, 4:0 есебімен жеңіске жетті. Сондай-ақ чемпионды жарыста «Ақтөбені» өкшелеп келе жатқан «Астана» да елордада Шымкенттің «Ордабасы» клубының қақпасына жауапсыз алты гол соқты. Ал үшінші орындағы былтырғы ел чемпионы «Тобыл» күтпеген жерде Павлодарда жергілікті «Ақсудан» 3:0 есебімен жеңіліп қалды.

Жоғары топтағы орнын сақтап қалу үшін жанталасып жатқан «Мақтаарал» мен «Ақжайық» арасындағы бәсекеде Түркістан облысының командасы маңызды үш ұпайын олжалады – 1:0. «Қайрат» сырт алаңда «Атыраудан» басым түсті – 2:1. Ал «Тараз» – «Қызылжар» (0:0) және «Шахтер» – «Тұран» (0:0) матчтарында есеп ашылған жоқ.

Турнир кестесінде «Ақтөбе» 45 ұпаймен чемпиондыққа жақындап келеді. Екінші орындағы «Астананың» еншісінде 41 ұпай бар. Ал «Мақтаарал» 21 ұпаймен көш соңында тұр.

23-тур ойындары 14-15 қазанға жоспарланған.

### ОЛИМПБЕТ-ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ

Орын	Команда	О	В	Н	П	Голдар	Ұпайлар
1	Aqtobe	22	14	3	5	34-22	45
2	Astana	22	12	5	5	51-21	41
3	Tobyl	22	11	5	6	39-30	38
4	Qairat	22	10	6	6	29-28	36
5	Ordabasy	22	10	2	10	31-35	32
6	Shahter	22	9	4	9	30-27	31
7	Aqsy	22	9	2	11	27-32	29
8	Kaspil	22	9	2	11	22-33	29
9	Atyray	22	7	7	8	25-27	28
10	Taraz	22	6	8	8	24-23	26
11	Turan	22	5	10	7	20-26	25
12	Qyzyljar	22	5	8	9	24-26	23
13	Aqjanyq	22	6	4	12	16-26	22
14	Maqtaaral	22	5	6	11	19-35	21

# ГЕРМАНИЯҒА АПАРАТЫН ЖОЛДА ҚАРСЫЛАСТАРЫМЫЗ КІМ?



**ГЕРМАНИЯНЫҢ ФРАНКФУРТ ҚАЛАСЫНДА 2024 ЖЫЛҒЫ ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНІҢ ЖЕРЕБЕСІ ТАРТЫЛДЫ. ҚАЗАҚСТАН Н ТОБЫНА ТҮСТІ. ҚАРСЫЛАСТАР АРАСЫНДА ДАНИЯ, ФИНЛЯНДИЯ, СЛОВЕНИЯ, СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ, САН-МАРИНО БАР. ОСЫ РЕТТЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРСЫЛАСТАРЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ, ТРАНСФЕРЛІК ҚҰНЫ, ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ТОҚТАЛЫП ӨТСЕК.**

## ДАНИЯ

**ФИФА рейтингіндегі орны** – 10  
**Трансферлік құны** – 339 миллион еуро (transfermarkt мәліметі бойынша)  
**Ең қымбат ойыншысы** – Пьер-Эмиль Хейбьерг (42 миллион еуро)  
**Еуропа чемпионатында жетістігі:**  
1992 жылы: чемпион  
2020 жылы: қола жүлдегер

Біздің топтың сөзсіз көшбасшысы – Дания құрамасы. Осыдан 30 жыл бұрын күтпеген жерден кәрі құрлықтың чемпионы атанған «Дат динамитінің» бүгінгі қарқыны керемет. Ұлттар лигасының биылғы маусымында Хорватиядан бір ұпай жинап, өз тобында екінші орын алды. Оның алдында Еуро-2020 біріншілігінде жартылай финалға дейін жеткен еді. Катардағы әлем біріншілігінде де Каспер Юльман шәкірттері жоғары нәтиже көрсетуден үмітті.

Негізгі құрамдағы ойыншыларының басым бөлігі Еуропаның топ командаларында ойнайды. Өткен ғасырдағы Аллан Симонсен, Микаэль Лаудруп, Пребен Элькьер, Йеспер Ольсен, Мортен Ольсендердің лайықты ізбасарлары бар. Мысалы, Кристиан Эриксен «Манчестер Юнайтед», Андреас Кристенсен «Барселона», Симон Кьер «Милан», Пьер-Эмиль Хейбьерг «Тоттенхэм» командаларында доп тебеді.

Қазақстан мен Дания бұған дейін төрт рет кездескен. Ең алғаш 2006 жылғы әлем чемпионатының іріктеу додасында жолыққанбыз. Сол тұста Сергей Тимофеев шәкірттері сырт алаңда 0:3 есебімен ойсырай ұтылса, өз алаңымызда біраз қарсылық көрсеткен. Бұл ойын 1:2 есебімен аяқталды. Қазақстан сапынан Александр Кучма мергендік танытқан.

Одан кейін 2018 жылғы әлем біріншілігінде тағы жолымыз түйісті. Екі ойында да «Дат динамитінің» қарқыны қатты болды (1:3, 1:4).

Айтпақшы, бұған дейін Қазақстан Дания құрамасын тек Алматыда қабылдаған. Осы жолы Астанада ойнауымыз әбден мүмкін.

## ФИНЛЯНДИЯ

**ФИФА рейтингіндегі орны** – 56  
**Трансферлік құны** – 36,15 миллион еуро (transfermarkt мәліметі бойынша)  
**Ең қымбат ойыншысы** – Глен Камара (7,5 миллион еуро)  
**Еуропа чемпионатында жетістігі:**  
2020 жылы: топтық кезең

Финляндия құрамасы Дания секілді жеңістерімен мақтана алмайды. Еуропа біріншілігінде жеңіске жету тұрмақ, қатысудың өзі жетістік

болып саналады. 60 жылдан астам тарихы бар кәрі құрлықтың үздіктері қатысатын додаға тек бір мәрте жолы түскен. Ол соңғы 2020 жылғы Еуропа чемпионаты. Айтпақшы, алғашқы ойындарында Данияны жеңген болатын. Сол кездесуде Кристиан Эриксен есінен танып, ойын бірнеше минутқа тоқтап қалған. Содан кейін Эриксен біраз уақыт емделіп, футболдан қола үзе тұрды.

Ұлттар лигасында Финляндия В дивизионында екінші орын алды. Көш басына Босния және Герцеговина шықты.

Қазақстан мен Финляндия осыған дейін бес рет кездескен. Оның төртеуі ресми ойын, біреуі жолдастық кездесу. 2008 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінде 0:2 және 1:2 есептерімен есе жіберді. Ал оның алдында Арно Пайперстің тұсында Кипрдегі халықаралық турнирде жолыққанбыз. Ойынның негізгі уақытында гол соғылмай, пенальтиден Қазақстан басым түскен. 2022 жылғы әлем чемпионатының іріктеу ойындарындағы екі матч та қарсыластың пайдасына шешілді.

Финляндия құрамасы ешқашан әлем немесе Еуропа чемпионатында жетістікке жетпесе де, Яри Литманен секілді аңыз ойыншылары болған. Ол Чемпиондар лигасында топ жарып, үздік сұрмергені атанған. Қазіргі құрамнан Лукаш Градецки («Байер»), Теэму Пукки («Норвич»), Йоэль Похьянпало («Байер») секілді танымал ойыншыларын ерекше айтуға болады.

## СЛОВЕНИЯ

**ФИФА рейтингіндегі орны** – 63  
**Трансферлік құны** – 103,15 миллион еуро (transfermarkt мәліметі бойынша)  
**Ең қымбат ойыншысы** – Ян Облак (40 миллион еуро)  
**Еуропа чемпионатында жетістігі:**  
2000 жылы: топтық кезең

Словения елі бұрын Югославияның құрамында болды. Сондықтан өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін Словенияның үздік ойыншылары біріккен құрама сапында өнер көрсетті. Ал тәуелсіздік алған соң, Словенияның ірі жарыстарға жолы көп түскен жоқ. Еуропа біріншілігіне 1996 жылдан бері тек бір рет қатысқан. Яғни 2000 жылы Бельгия мен Нидерланд елінде С тобында ойнап, соңғы орын алған. Ол кезде Словенияның алдын Испания, Югославия, Норвегия орап кеткен.

Әлем чемпионатында 2002 және 2010 жылдары доп тепкен. Қазақстан мен Словенияның осыған дейін жолдары түйіспеген.

Еуропаның ортаңқол командасы саналатын Словения даңқты қақпашыларымен танымал. Самир Ханданович («Интер») пен Ян Облак («Атлетико») соңғы 10 жылдықтағы әлемдегі үздік қақпашылардың қатарына кіреді.

## ФИНЛЯНДИЯ



## СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ

**ФИФА рейтингіндегі орны** – 59  
**Трансферлік құны** – 28,45 миллион еуро (transfermarkt мәліметі бойынша)  
**Ең қымбат ойыншысы** – Пэдди Макнейр (6 миллион еуро)  
**Еуропа чемпионатында жетістігі:**  
2016 жылы: 1/8 финал

Қазақстан үшін тағы бір жаңа құрама. Өйткені Ирландия футболшыларымен бұған дейін кездесіп көрмегенбіз.

Ұлыбританияның бір бөлігі саналатын Солтүстік Ирландияның өзінің дербес құрамасы бар. Олар әлем чемпионатына алғаш рет сонау 1958 жылы қатысқан. Сол кезде ширек финалға дейін жеткені бар. Ал Еуропа біріншілігіне тек 2016 жылдары жолдары түскен. Өз топтарында үшінші орын алып, 1/8 финалда өздерінің одақтастары Бэйл бастаған Уэльстен жеңілген.

Биылғы Ұлттар лигасында С дивизионында өз тобында соңғы орында қалып қойды. Енді D дивизионына түсіп қалу қаупі төніп тұр.

Солтүстік Ирландия құрамасының ойыншыларының басым бөлігі Англия премьер-лигасы мен чемпионшипінде өнер көрсетеді.

## САН-МАРИНО

**ФИФА рейтингіндегі орны** – 211  
**Трансферлік құны** – 1,01 миллион еуро (transfermarkt мәліметі бойынша)  
**Ең қымбат ойыншысы** – Никола Нанни (350 мың еуро)  
**Еуропа чемпионатында жетістігі:**  
Ешқашан қатыспаған

Сан-Марино – ФИФА-ның әлемдік рейтингінде соңғы орында тұрған құрама. Өз тарихында тек Лихтенштейнді жеңген. Басқа жетістігі жоқ.

Бек ТӨЛЕУ

## СЛОВЕНИЯ



## САН-МАРИНО



## СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ





## ЕГО ПРИ ЖИЗНИ ХОРОНИЛИ

## БОЛЬШЕ ДВАДЦАТИ ЛЕТ НАЗАД УШЕЛ ИЗ ЖИЗНИ ЛЕГЕНДАРНЫЙ ВРАТАРЬ «КАЙРАТА» 60-Х ГОДОВ ВЯЧЕСЛАВ БУБЕНЕЦ

**...ЗНАКОМСТВО НАШЕ ПРОИЗОШЛО НА ЦЕНТРАЛЬНОМ СТАДИОНЕ АЛМАТЫ. ВЯЧЕСЛАВ ВАСИЛЬЕВИЧ ОКАЗАЛСЯ В ОДНОМ ИЗ СЕКТОРОВ ЗАПАДНОЙ ТРИБУНЫ, КОТОРЫЙ МЫ С ДРУЗЬЯМИ ОБЛЮБОВАЛИ НА СТАРТЕ СЕЗОНА. РЯДОМ С НАМИ В ЭТОТ ДЕНЬ ОКАЗАЛСЯ ВИКТОР АБГОЛЬЦ, ТОЖЕ ИЗВЕСТНЫЙ В ПРОШЛОМ ФУТБОЛИСТ. ОН И ПОЗНАКОМИЛ НАС С БУБЕНЦОМ. ОБСУЖДАЯ ИГРУ «КАЙРАТА» НЫНЕШНЕГО ПОКОЛЕНИЯ, А ЭТО БЫЛО ВЕСНОЙ 1999 ГОДУ, МЫ РАЗГОВОРИЛИСЬ, ТЕМ БОЛЕЕ ПОВОД БЫЛ. В ГАЗЕТЕ «ЭСПРЕСС К» НЕЗАДОЛГО ДО НАШЕЙ ВСТРЕЧИ ОПУБЛИКОВАЛИ НЕКРОЛОГ НА В.В.БУБЕНЦА.**

– Как это получилось? – спросил я.  
– В жизни всякое бывает, – начал свой рассказ легендарный вратарь «Кайрата». – Меня уже хоронили трижды. Первый раз произошло это в 1961 году. Из Москвы с похорон отца, я должен был лететь в Новосибирск. Взял такси и поехал в аэропорт. Как назло, по дороге лопнуло колесо автомобиля, и я опоздал на регистрацию. Вот и не верь после этого в судьбу. Самолет, на котором я должен был лететь, разбился на подлете к Свердловску. Об этом узнала наша команда, которая базировалась в Новосибирске. Был у меня период, когда выступал за сибиряков. Когда я появился, мои одноклубники готовились к поминкам. Увидев меня живым и здоровым, некоторые перекрестились, другие бросились обнимать, третьи не знали: что и делать. Просто «остолбенели».

Рассказал Вячеслав Васильевич и о других его «похоронах». Когда выступал за рижское «Динамо», попал в автомобильную аварию. Погиб рядом сидящий пассажир. А он отделался легким испугом. Появившись в команде, Слава еще раз прошел испытание, которое произошло с ним в Новосибирске. Его, оказывается, не ждали. Позже один из одноклубников рассказывал: «Машина то ушла в пропасть. Мы думали и ты погиб».

– А совсем недавно, – продолжил ветеран «Кайрата», – сам на себя некролог прочитал. Ошибочка вышла. Даже сестра с мужем на похороны прилетели из Усть-Каменогорска.

– Значит, долго жить будете, – вставил я в разговор реплику.

– Дай Бог этому случиться. Но мне уже тяжело. Время еще испытывает нас на прочность. Сегодня преподаю физкультуру в школе. Хоть на пенсию заработаю.

Уже через год мне позвонили ветераны – футболисты и сказали: «Надо бы поддержать Славу. Съезди в школу, возьми у него интервью. Человек замкнулся. Употреблять горячительное стал».

И я отправился по просьбе ветеранов в школу. Передо мной стоял уже другой человек. Но поговорить с ним мне все же, удалось. Прямо в спортивном зале. На площадке с мячом резвились школьники, а мы уединились в складе, где хранится спортивный инвентарь.

#### ЧАСОВОЙ ПОСТА №1

Начинал он свою спортивную жизнь в Сибири. И не как футболист, а вратарь хоккейной команды. Получалось неплохо. Вячеслава хотели видеть в составе клубы рангом выше. Однажды даже сам великий тренер Аркадий Иванович Чернышов приехал поговорить с ним. Хотел забрать его в Москву. И получил отказ.

– Почему? – спросил я Бубенца.

– Ведь все тогда рвались в столицу СССР.

На что Вячеслав Васильевич ответил, не задумываясь:

– У меня душа не лежала к Москве. Не хотел я уезжать из Новосибирска.

Но забрали в армию. И знаете куда? В Москву.

Случилось так, что в один прекрасный день за ним приехали два офицера и вежливо велели собираться. Он им и говорит: «Какое имеете право распорядиться моей судьбой? Ведь я военнослужащий МВД». А они приказ показывают. А один из них, скажет: «Если ты служивый, порядки должен знать. Так что приказы не обсуждаются». И попал Вячеслав Бубенец в столицу. Но не в команду или спорт роту, как он рассчитывал, а в полк особого назначения, несущий службу по охране на важных государственных объектах. Его определили часовым на пост №1 у Мавзолея Владимира Ильича Ленина. Через день – на ремень. И так бы, наверное, и было. Но опять судьба преподнесла ему подарок. Один из его отцовых командиров в личной беседе спросит: «Ну, как служба?» Новобранец ответил: «Хорошо!»

– А может, в спорт вернуться хочешь?

Честно говоря, этого и ждал Бубенец и кивнул головой.

– Тогда пиши заявление...


Так он вернулся в хоккей. Правда, динамовцы были на вторых ролях в чемпионате СССР. Они постоянно проигрывали борьбу ЦСКА, где выступала тройка: Альметов – Локтев – Александров, известная на весь мир. Играли и легендарные Трегубов и Сологубов. Потом Москву Бубенец не любил. Поэтому с нетерпением ждал дембеля. Но порой судьба преподносит сюрпризы. Его уговорили отправиться в рижскую «Даугаву». Это был футбольный клуб.

– Лихое время тогда было, – вспоминает Вячеслав Васильевич. – Мы зимой играли в хоккей, а летом – в футбол. Если имелась необходимость, поиграл бы и в баскетбол, волейбол. Но все же к предложению перекалфицироваться отнесся с настороженностью. Думал, у меня не получится. Однако даже в сборную СССР попал. Дублером у самого Льва Ивановича Яшина был.

Когда у основного нашего кипера открылась язва, тренеры поставили против венгров его. Ничего – отыграл. Но этот матч оказался единственным (он и не помнит, официальной была игра или товарищеской) в его спортивной биографии, когда защищал честь страны.

#### ОТ ВОРОТ – ДО ВОРОТ. ГОЛ!

За многолетнюю журналистскую практику, не припомню, чтобы вратарь, выбив мяч из своей штрафной



площади, забил гол. Но Бубенцу однажды удалось это сделать. Честно говоря, не поверил. Но потом один из ветеранов подтвердил такой факт. Причем, как, оказалось, забивал он вратарю карагандинского «Шахтера» Геле Шершевскому.

– Произошло это в 1963 году. Я играл тогда в Риге, – вспоминает ветеран. – И мы приехали в Караганду. Удар у меня был поставленный. Мог свободно выбить мяч в штрафную площадь соперников. И тогда у меня не было цели поразить противоположные ворота. Но помог ветер. Он дул с боку. Я рассчитал примерную его скорость и выбил мяч вправо. С расчетом того, что он опустится где – то в центральной части линии штрафной площади. Шершевский, находившийся, примерно в районе одиннадцатиметровой отметки, явно не ожидал такого поворота событий. Сначала он увидел, что мяч взмыл вверх и по траектории опускается на него. Попятился назад, чтобы хоть кулаками его отбить. Но не успел. Мяч ударился о землю и через мгновение очутился в сетке ворот.

Вспомнил ветеран и другой случай, когда хотел помочь команде, тогда он уже выступал за «Кайрат» и вызвался исполнять пенальти. Правда, играли дублирующие составы. Поставил мяч на точку, разбежался и... схватился за голову. Сильнейший удар угодил в крестовину, мяч отлетел почти к центру поля. Дежуривший нападающий соперников одним касанием отправил его в пустые ворота. Вроде хотел помочь команде, а получилось наоборот.

Но тут стоит отметить, что до этого кайратовцы на тренировке отработывали пробитие пенальти. Бубенец положил все десять в «девятку». А в воротах стоял опытный Владимир Косенков. Поэтому, когда он вызвался бить, никто перечить ему не стал.

#### ОН БЫЛ ПЛЕНЕН АЛМА-АТОЙ

Вячеслав Васильевич несколько раз приезжал в составе команд Новосибирска и Риги в Алма-Ату. И столица Казахстана ему понравилась. Он был пленен городом-садом, горами. Даже про себя подумал: «Была бы возможность, здесь бы корни бросил». Как будто Всевышний услышал его. Судьба преподносит ему подарок. В конце сезона ему звонит Александр Келлер, тренер «Кайрата» и приглашает поиграть за казахстанскую команду. До этого звали в московское «Торпедо», которое ставило перед собой большие задачи на предстоящий сезон. И он обещал подумать. Теперь оказался перед выбором. Чашу весов в свою пользу склонила Алма-Ата. К тому же ему пообещали, что он без экзаменов станет студентом института физкультуры. В Алма-Ате Слава остался доживать «свой век» и после завершения спортивной карьеры. И никогда об этом не жалел.

С новым своим клубом В. Бубенец познал и радость побед, и горечь поражений. Когда вспоминает, чувствуется волнение. Больше говорит об одноклубниках. Хотя его заслуги умалять

нельзя. Он в списке тех легендарных личностей, которые много сделали для становления казахстанского футбола в Советском Союзе.

– Коллектив у нас, – продолжил Вячеслав Бубенец, – был что надо. Приведу один пример. В 1965 году мы выступали в первой лиге. Перед сезоном провели собрание. Решили, что никто не уйдет. Хотя соблазны были у многих. Отдельными игроками интересовались московские клубы, киевляне и другие команды. Но никто из основы не поддался панике. Ушли те, кто не проходил в состав».

И первые матчи показали, что у казахстанцев большой потенциал. Причем, стартовые матчи они проводили в гостях. Сначала с «Зарей» в Луганске сыграли вничью (0:0), затем победили с одинаковым счетом (2:0) «Ростсельмаш» (Ростов) и «Днепр» (Днепропетровск). Еще по очку отобрали в Ереване у «Арабата» (1:1) и львовских «Карпат» (1:1). Отменно сыграл голкипер «Кайрата». Он отразил три пенальти, назначенные в наши ворота. Причем два мяча взял намертво.

Это была сенсация. В Алма-Ату кайратовцы вернулись героями. Игра пошла и дома. Они практически не отпускали соперников без потерь. Приведу пример. Перед своими болельщиками две встречи – динамовцам Ленинграда и свердловскому «Уралмашу». И закончили состязания на втором месте, которое давало право оспорить единственную путевку с командой, занявшей первое место в дивизионе. Им стал «Арабат», опередивший алмагинскую дружину только по разнице забитых и пропущенных голов.

Все помнят, что ту встречу назначили на нейтральном поле – в Грозном.

– Это был цирк, – вспоминает с усмешкой ветеран. – Уже перед игрой мы знали, что обоим коллективам обеспечено в следующем сезоне выступление в высшей лиге. Пришла из Москвы телеграмма, подписанная секретарем ЦК КПСС Анастасом Микояном. Теперь командам нужно было выяснить отношения: кто завоюет малые и серебряные медали. Мы были готовы сражаться и по игре превосходили закавказскую команду. Сергеа Квачкин забивает два гола и их не засчитывают. А «Арабат» благодаря арбитру выигрывает эту встречу – 2:1 и становится чемпионом среди команд второй группы класса «А». Результат был спущен сверху. Мы оказались заложниками положения.

– Но на следующий сезон вы не вышли на поле. Решили завершить карьеру или на это были причины, – спросил я напоследок.

– Рано или поздно надо определиться. Я почувствовал, что пришло время повесить перчатки на гвоздь. Тем более замена была. Вернулся в «Кайрат» Владимир Лисицын, удачно выступал и Владимир Косенков. К тому же мне было уже под тридцать.

Наша встреча оказалась последней. Однажды летним утром 2001 года мне позвонил Виктор Алексеевич Абгольц и сказал, что Славы Бубенца больше нет. Ему было всего шестьдесят три.

Алим АНАПЬЯНОВ





## ТЕННИС С ПРЕЗИДЕНТОМ

**ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ СЫГРАЛ В НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС С ТУРЕЦКИМ КОЛЛЕГОЙ РЕДЖЕПОМ ТАЙПОМ ЭРДОГАНОМ.**

Глава Турецкой республики находится в Астане в рамках государственного визита. Оба президента приняли участие в заседании Совета стратегического сотрудничества высокого уровня между Казахстаном и Турцией.

Отметим, что Токаев и Эрдоган

уже сыграли в настольный теннис в мае этого года во время государственного визита Президента Казахстана в Турцию.

Глава государства является поклонником этого вида спорта. Ранее Токаев 13 лет возглавлял Федерацию настольного тенниса Казахстана.

## ГОЛОВКИНА ЛЮБЯТ В МЕКСИКЕ

**ГЛАВА ПРОМОУТЕРСКОЙ КОМПАНИИ GOLDEN BOY PROMOTIONS ОСКАР ДЕ ЛА ХОЙЯ РАССКАЗАЛ, ЧТО ДОЛЖЕН СДЕЛАТЬ ЧЕМПИОН МИРА ПО ВЕРСИЯМ WBA И IBF В СРЕДНЕМ ВЕСЕ КАЗАХСТАНЕЦ ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН, ЧТОБЫ РЕАНИМИРОВАТЬ СВОЮ КАРЬЕРУ ПОСЛЕ ПОРАЖЕНИЯ МЕКСИКАНЦУ САУЛЮ "КАНЕЛО" АЛЬВАРЕСУ. ПО СЛОВАМ ОСКАРА, ТОЛЬКО ПОСЛЕ ПОБЕДЫ НАД ДРУГИМ МЕКСИКАНЦЕМ ХАЙМЕ МУНГИЕЙ ГЕННАДИЙ С НОВА ОКАЖЕТСЯ НА ВЫСОТЕ, СООБЩАЕТ FIGHTNEWS.INFO.**

18 сентября в Лас-Вегасе (США) "Канело" закрыл трилогию победой единогласным решением судей.

"Головкин постоянно на слуху, потому что у него много фанатов среди мексиканцев. Он боец мирового уровня, потому что его поддерживают в



Мексике и Казахстане. Я думаю, что сейчас бой Геннадия против Хайме был бы идеальным для обеих парней. Это был бы экшн.

Победа над Мунгией вернет его на вершину, а среди несгибаемых фанатов бокса он снова будет идиолом. Это даже бесприоритетный вариант, если Хайме победит или

нокаутит Головкина. Просто это отличный поединок для бокса", - сказал Де Ла Хойя.

Ранее стало известно, что Головкин обязан провести следующий поединок против "регулярного" чемпиона по версии WBA в его весовой категории кубинца Эрисланди Лары.



## ПОБЕДА ДОМА

**ХК «БАРЫС» ОДЕРЖАЛ ПОБЕДУ В ДОМАШНЕМ МАТЧЕ РЕГУЛЯРНОГО ЧЕМПИОНАТА КОНТИНЕНТАЛЬНОЙ ХОККЕЙНОЙ ЛИГИ (КХЛ). 13 ОКТЯБРЯ, ПОДОПЕЧНЫЕ АНДРЕЯ СКАБЕЛКИ ВСТРЕЧАЛИСЬ С "АДМИРАЛОМ" ИЗ ВЛАДИВОСТОКА.**

Казахстанской команде нужно было реабилитироваться перед своими болельщиками от предыдущего разгромного поражения, которое она потерпела от китайского "Куньлуня" со счетом 0:5.

Встреча прошла в Астане и завершилась со счетом 3:1. Егор Шалапов вывел хозяев вперед на десятой минуте. А на 15-й закрепил успех Алихан Асетов. Гости отыграли одну шайбу в середине третьего периода, отличился Евгений Лисовец, но вскоре опять уступили в два гола. На 51-й минуте точку во встрече поставил Энтони Луис.

Следующий матч "Барыс" проведет 15 октября на своей арене против хабаровского "Амура". В 18 матчах казахстанский клуб набрал 19 очков и поднялся на четвертое место Восточной конференции.

## «АСТАНА» ОДЕРЖАЛ ПЕРВУЮ ПОБЕДУ



**БАСКЕТБОЛЬНЫЙ КЛУБ «АСТАНА» ОДЕРЖАЛ ПЕРВУЮ ПОБЕДУ В ТЕКУЩЕМ РОЗЫГРЫШЕ ЕДИНОЙ ЛИГИ ВТБ.**

Домашний поединок с «ПАРМОЙ-ПАРИ» из Перми окончился триумфом хозяев – 84:72.

Лидерами казахстанской команды стали Даниил Аксенов (18 очков, 4 реализованных трехочковых из 7), Майк Майерс (18 очков, 9 подборов, 6 реализованных штрафных из 8) и Валерий Лиходей (17 очков, 5 голевых передач).

У пермяков отличились Павел

Антипов (19 очков, 6 подборов) и Малик Диме (10 очков, 8 подборов).

Таким образом столичный клуб увеличил отрыв от пермяков в статистике личных встреч – семь побед против пяти. Вместе с тем сегодняшняя победа над «ПАРМОЙ-ПАРИ» стала для «Астаны» первой с декабря 2020 года.

Источник: БК «Астана»

## ПАЛУАН ИЗ МАНГИСТАУ ВЗЯЛ «ЗОЛОТО»

**БОРЕЦ ИЗ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ НУРДАУЛЕТ ЖАРЫЛКАПОВ СТАЛ ЗОЛОТЫМ ПРИЗЕРОМ НА ПЕРВЕНСТВЕ СТРАНЫ ПО ҚАЗАҚ КҮРЕСІ СРЕДИ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН, ПРОШЕДШЕМ В АТЫРАУ 10-12 ОКТЯБРЯ, СООБЩАЕТ ЦЕНТР ОБЩЕСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ.**

Соревнования собрали более 700 борцов из всех регионов страны. Палуаны выявляли на ковре сильнейшего в течение трех дней. Мужчины оспаривали первенство в весовых категориях 55-100 кг и выше, а женщины состязались в весе 48-77 кг и выше. Нурдаулет Жарылкапов в весе свыше 100 кг одолел соперников из Павлодарской области, Алматы и бронзового призера «казахстанского барса» Галымжана Кырыкбая и завоевал путевку в финал.

В решающем поединке Кара Бура (спортивный псевдоним Нурдаулета) взял верх над борцом из Кызылординской области и стал чемпионом страны. Личный тренер победителя, руководитель областного центра национальных видов спорта Кайрат Бурбасов, отмечает, что соревнования в Атырау прошли на высоком уровне. К ним мангистаусцы готовились основательно.



– До этого чемпионата Нурдаулет участвовал в чемпионате мира по борьбе на поясах в Узбекистане. Там он получил небольшую травму, но боролся мужественно и достойно. И вот сейчас стал победителем чемпионата Казахстана, – говорит Кайрат Бурбасов.

По его данным, 16-18 декабря в столице страны пройдет чемпионат мира по казак күресі, победители которого получат путевку на соревнования мирового уровня. А с 4 по 6 ноября здесь же в столице пройдут рейтинговые бои, где победителю во всех весовых категориях будет вручено 10 000 долларов США.

## В МАЖИЛИСЕ ПОДНЯЛИ ПРОБЛЕМУ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ С АУТИЗМОМ

**ДЕПУТАТ ВАКИЛЬ НАБИЕВ ОБРАТИЛСЯ С ДЕПУТАТСКИМ ЗАПРОСОМ К ГЛАВЕ КАБМИНА С ПРОСЬБОЙ ОБРАТИТЬ ВНИМАНИЕ НА ПРОБЛЕМУ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ С АУТИЗМОМ.**

«По данным Всемирной организации здравоохранения количество детей с аутизмом в мире увеличивается, в том числе и в Казахстане.

На сегодняшний день социально-ориентированные ведомства и государственные структуры (образование, здравоохранение, физическая культура и спорт) недостаточно осведомлены масштабами данной проблемы.

Поэтому необходимо увеличить центры для детей с аутизмом, которые будут способствовать

готовности нашего общества к восприятию возрастающего количества детей и подростков с аутизмом», – сказал Набиев на пленарном заседании мажилиса.

На основании вышеизложенного депутат просит обратить внимание на существующие проблемы, полагаем необходимым:

1. Организовать подготовку и обучение специалистов по сопровождению детей и подростков с аутизмом, которые умеют работать по методике прикладного анализа поведения.

Многие школьные и дошкольные учреждения не могут создать полноценные условия для таких детей.

2. Для коррекции поведения и социальной адаптации детей с аутизмом необходимо вести работу через адаптивную физическую нагрузку.

3. Повышение информации, социальных ролей об аутизме в обществе, среди работников общественного транспорта и сферы обслуживания, для правильного восприятия людей с аутизмом.

Просим дать письменный ответ на данный депутатский запрос в установленный законодательством срок.


## Я ГОРЖУСЬ ЭТИМ

**БУБЛИК РАССКАЗАЛ О СМЕНЕ РОССИЙСКОГО ГРАЖДАНСТВА НА КАЗАХСТАНСКОЕ**

**ПЕРВАЯ РАКЕТКА КАЗАХСТАНА АЛЕКСАНДР БУБЛИК ВЫСКАЗАЛСЯ О СМЕНЕ СПОРТИВНОГО ГРАЖДАНСТВА, ПЕРЕДАЕТ UBTENNIS. ОН ОТМЕТИЛ, ЧТО ПРИЯТНО ПРЕДСТАВЛЯТЬ СТРАНУ НА МИРОВОЙ АРЕНЕ.**

"Я представляю страну, за которую играю. Да, я родился в России и жил там большую часть жизни. Я переехал в Казахстан в 2016 году, и теперь тут у меня большая эмоциональная связь. То, что они сделали для меня, - это невероятно. Мне помогли, когда мне нужна была помощь. Конечно, я чувствую себя русским. Вся моя семья из России. Но мне приятно быть игроком, который представляет Казахстан на мировой арене. Я горжусь этим", - сказал Бублик.

Напомним, 25-летний теннисист является уроженцем российской Гатчины, а с 2016 года защищает цвета Казахстана.



## ОДЕРЖАЛА ПЕРВУЮ ПОБЕДУ

**БК «АСТАНА» ОДЕРЖАЛА ДОМАШНЮЮ ПОБЕДУ НАД ПЕРМСКОЙ «ПАРМОЙ» В МАТЧЕ РЕГУЛЯРНОГО ЧЕМПИОНАТА ЕДИНОЙ ЛИГИ ВТБ, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ VESTI.KZ.**

Встреча прошла сегодня, 13 октября, в столице Казахстана и завершилась со счетом 84:72 в пользу хозяев (21:21, 21:12, 27:24, 15:15).

Наиболее результативными в составе "Астаны" стали Майкл Майерс и Даниил Аксенов, набравшие по 18 очков.

Эта победа стала для "Астаны" первой в новом сезоне Единой лиги ВТБ. Следующий матч команда проведет 16 октября в Казани против УНИКСа.



Полосу подготовили – Дамир ТУЛЕГЕН, журналист, Сауле МЕНДЫКУЛОВА, журналист, специально для газеты «Қазақ спорты»

